

## Хаттама

Атырау облысы  
Қызылқоға ауданы  
Сағыз ауылы, К.Жүсіпов №22  
«Жалпы білім беретін №9 орта мектеп» КММ-сі

25.10.2021ж

2021 жылдың 25 қазаны күні Жалпы білім беретін №9 орта мектеп КММ-сі бойынша атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған отбасыларына және қамқоршылықтағы балаларға қажеттіліктеріне қарай жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан берілетін материалдық көмекті тағайындау жөніндегі Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті

### Қамқоршылық кеңесі отырысына қатынасқандар саны-9

|                                   |                               |
|-----------------------------------|-------------------------------|
| 1. Тұрған Еламан Ибрагимұлы-      | Кеңес төрағасы                |
| 2. Калиева Аклай Ибраевна-        | Атқарушы орган өкілі          |
| 3. Сүйінова Әйгерім Мараловна-    | Құқық қорғау органы өкілі     |
| 4. Жәзит Ұлжан -                  | Жұмыс берушілер өкілі         |
| 5. Сатаева Жангүл Серикбаевна-    | Әлеуметтік әріптестік өкілі   |
| 6. Бекбауов Тасболат Мырзабаевич- | Қайырымдылық жасаушылар өкілі |
| 7. Кайыров Асет Сагинғалиевич -   | Сыныптардан ата-аналар өкілі  |
| 8. Бимағанбет Талғат Қарасайұлы-  | Сыныптардан ата-аналар өкілі  |
| 9. Әлібеков Мырзабек Әлібекұлы-   | Сыныптардан ата-аналар өкілі  |
| 10. Избасова Самал Максотовна -   | Хатшы                         |

### Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылында жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан берілетін материалдық көмекті әлеуметтік санаттарын зерделеуді ұйымдастыру жайы
2. Білім беру ұйымдарында материалдық көмекті алуға құқылы отбасы оқушыларының тізімін зерделеп, бекіту

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Е.Тұрған(кеңес төрағасы) сөз сөйлеп: материалдық көмекке мұқтаж отбасы балаларына жергілікті атқару органдарының берген зерделеуі негізінде және ата-аналардың жазбаша өтініші негізінде оқушыларға материалдық көмек, яғни қажеттіліктеріне қарай қыстық күрте, қыстық етіктермен қамтып, ұйымдастыруды ұсынды

### Жарыссөз:

Т.Бимағанбет(ата-аналар өкілі)-Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес төрағасының пікірімен келісемін, материалдық көмек қажет ететін отбасылардың мектеп жасындағы балаларына маусымдық киімдермен көмек беруге қарсылығым жоқ.  
Ж.Сатаева (әлеуметтік әріптестік өкілі)- Жыл сайын дәстүрлі түрде әлеуметтік осал топ отбасыларына жататын білім алушыларға акция аясында, одан тыс шараларда және міндетті оқу қорынан мейлінше көмектер ұйымдастырылап берілуде. Биылғы жылыда сол дәстүрге сай, көмекке мұқтаж атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған және қамқоршылықтағы оқушыларға материалдық көмек тағайындау туралы кеңес отырысы өтуде. Осы орайда, кеңес мүшесі ретінде менің еш қарсылығым жоқ екендігін айта кеткім келеді. Себебі білім алушыларға қолайлы жағдай жасауымыз керек деген пікір білдіремін.